

Басқарушы компанияға берілген активтерді басқару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 1061 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 9 қазанда № 33523 болып тіркелді

"Заңсыз сатып алынған және шығарылған активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Басқарушы компанияға берілген активтерді басқару қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қаржы министрі
2023 жылғы 5 қазандағы
№ 1061 Бұйрығымен
бекітілген

Басқарушы компанияға берілген активтерді басқару қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Басқарушы компанияға берілген активтерді басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 33-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және басқарушы компанияның Заңда көзделген негіздер бойынша басқарушы Компания мүлкінің құрамына түскен активтерді басқару тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) Арнаулы мемлекеттік қор – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық жобаларын, сондай-ақ активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның шығыстарын қаржыландыру мақсатында түсімдерді есепке жатқызу және ақшаны жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

2) аукцион – қатысушылар тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып электрондық форматта өткізілетін өз ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;

3) байқау кеңесі – басқарушы компанияның атқарушы органының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын сайланбалы, алқалы орган.

4) басқарушы компания – Заңға сәйкес құрылған заңды тұлға;

5) басқарушы компанияның комиссиясы - активтерді қабылдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын басқарушы компанияның консультативтік - кеңесші органы;

6) бірыңғай оператор – мемлекеттік мүлікті есепке алу және ұйымдастыру саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер жүктелген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған жарғылық капиталында мемлекет қатысатын заңды тұлға;

7) комиссиялық сыйақы – басқарушы компания ұстайтын активтерді өткізуден бастап активтерді сатудан түскен қаражатты Заңға сәйкес арнаулы мемлекеттік қорға аударуға дейінгі қаражаттың бір бөлігі.

8) консервациялау – активтердің коммерциялық тартымдылығын, құндылығы мен құнын сақтау міндетінде белгіленген кезеңге және шектерде активтерді сыртқы факторлардың ықпалынан қорғау жөніндегі іс-шаралар кешені;

9) сарапшы – арнаулы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар, тиісті қызметтер көрсететін заңды және жеке тұлғалар;

10) тендер – жалға беруші немесе сенімгерлік басқарушы өзі қабылдаған бастапқы шарттар негізінде жалға беруші немесе сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы үшін шарттың ең жақсы талаптарын ұсынатын тендерге қатысушылардың бірімен шарт жасасуға міндеттенетін активтерді жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі сауда-саттық нысаны;

11) тізілімнің веб-порталы – интернет желісінде www.e-qazyna.kz мекенжайы бойынша орналастырылған интернет-ресурс, тізілім деректеріне бірыңғай кіру нүктесін ұсынады.

2-тарау. Басқарушы компания мүлкінің құрамына активтерді қабылдау тәртібі

3. Ақшалай нысандағы активтерді қоспағанда, Заңның 4-тарауында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша мемлекет меншігіне қайтарылған активтер басқарушы компания мүлкінің құрамына түседі.

4. Ақшалай нысанда қайтарылған активтер тікелей Арнаулы мемлекеттік қорға есептеледі.

5. Активтер басқарушы компанияға оның жарғылық капиталын арттырмай беріледі.

6. Басқару және іске асыру мақсаттары үшін басқарушы компания Заңда көзделген жағдайларда активтерге меншік құқығын ресімдейді.

7. Активтерді басқарушы компанияның қызметкерлері қатарынан тұратын активтерді қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) қабылдайды.

8. Комиссия құрамын басқарушы компанияның атқарушы органының басшысы бекітеді.

9. Комиссияның міндеттері активтің болуы мен жай-күйін анықтау, құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарын зерделеу болып табылады.

10. Қажет болған жағдайда (активтің күрделілігі, шектеулі уақытша және еңбек ресурстары және активтің ерекшелігіне байланысты басқада мән-жайлар) активке құқықтарды, активтің болуы мен жай - күйін растау, технологиялық тұтастығы мен техникалық жай-күйін айқындау және актив туралы өзге де мәліметтерді белгілеу үшін сарапшылар тартылады.

11. Актив басқарушы компания мүлкінің құрамына қабылданғаннан кейін Заңға және басқарушы компанияның ішкі құжаттарына сәйкес әртүрлі жағымсыз сыртқы факторлар мен шығындардың әсерінен жоғалту (бұзылу, ұрлау, бүліну, бүлдіру) тәуекелдерін азайту, шығыстарды оңтайландыру бойынша шаралар қабылданады, олар мыналарды қамтиды, бірақ:

1) күзет қызметтерін көрсететін ұйымдарды тартумен;

2) коммуналдық қызметтермен және өзге де қызмет көрсететін ұйымдармен шарттар жасасумен;

3) қажет болған жағдайда мүлікті әртүрлі жағымсыз сыртқы факторлардың әсерінен жоғалту (бұзылу, ұрлану, бүліну, бүлдіру) қаупінен сақтандырумен;

4) инфрақұрылым объектілеріне техникалық қызмет көрсету жөнінде шаралар қолданумен шектелмейді.

3-тарау. Басқарушы компанияның активтерін есепке алу тәртібі

12. Басқарушы компания бухгалтерлік есепті жүргізеді және басқарушы компанияның мүлкінің құрамына қабылданған өз қаражаты мен активтері бойынша қаржылық есептілікті бөлек ұсынады.

13. Басқарушы компанияға берілген активтер:

- 1) кепіл заты болып табылмайды;
- 2) кредиторлардың талабы бойынша өндіріп алынбайды;
- 3) тыйым салу немесе мүлікке өзге де ауыртпалық салу мәні болып табылмайды;
- 4) басқарушы компанияның және үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша инкассалық өкіммен өндіріп алынбайды;
- 5) мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету мәні болып табылмайды;
- 6) регрессиялық талаптар тәртібімен өндіріп алынбайды;
- 7) міндеттемелер бойынша, оның ішінде басқарушы компанияның міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету мәні болып табылмайды.

14. Басқарушы компания Заңға сәйкес оның мүлкінің құрамына түскен активтер туралы ақпаратты тізілімнің веб-порталында орналастырады.

4-тарау. Активтерді басқару әдістері

15. Активтерді басқару, оларды ұстау:

- 1) жеке және заңды тұлғаларды тартусыз дербес;
- 2) өзге де ұйымдармен, кәсіби сарапшылармен, халықаралық ұйымдармен жүзеге асырылады;

16. Активтер түріне байланысты активтерді басқару келесі әдістерді қамтиды:

- 1) мүліктік жалдау (жалға алу/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алу);
- 2) сенімгерлік басқаруға беру (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен);
- 3) консервация;
- 4) іске асыру;
- 5) "Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысымен бекітілген Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидаларында көзделген тәртіппен активтерді мемлекеттік меншікке беру;
- 6) басқарушы компания айқындайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында және актив орналасқан елдің заңнамасында көзделген өзге де тәсілдер.

17. Активтерді басқару тәсілі туралы шешімді мынадай факторларды ескере отырып, байқау кеңесі мақұлдаған жағдайда басқарушы компания қабылдайды:

- 1) активтің жеке ерекшеліктері;
- 2) активтердің құрамы мен құрылымы;
- 3) актив басқарушы компания мүлкінің құрамына айналғанға дейін субъектінің өндірістік, коммерциялық қызметін талдау;
- 4) активтің құнын бағалау;
- 5) консалтингтік компаниялардың ұсынымдары;
- 6) нарықты зерттеу;
- 7) экономикалық орындылығы;

8) осы активке қатысты өзге де қажетті ақпаратты қамтиды.

18. Байқау кеңесі қажет болған жағдайда басқарушы компанияға активтерді басқару бойынша ұсыныстар береді.

19. Активтерді басқару әдістері туралы ұсыныстарда келесі материалдар мен құжаттар болуы мүмкін:

1) түсіндірме жазба;

2) активтің жалпы түрін көрсететін фотоматериалдар;

3) тәуелсіз сарапшының қорытындысы (қажет болған жағдайда);

4) ішкі құжаттарға сәйкес басқарушы компанияның құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылары;

5) активті басқару мәселелерін қарау үшін қажетті өзге де қажетті мәліметтер/ деректер, өзге де құжаттар.

20. Активтерді басқару тәсілдерін айқындау кезінде басқарушы компания шешім қабылдау мақсаттары үшін дәлелді негіздемені көрсете отырып, рәсімдердің ашықтығы мен конкурстығын қамтамасыз етеді.

5-тарау. Активтерді мүліктік жалдауға беру (жалға алу/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алу) тәртібі

21. Актив басқарушы компания тарапынан объектінің орналасқан жеріне, техникалық жай-күйіне және пайдалану мүмкіндігіне және басқа да факторларға сүйене отырып, нарықтық бағаларды ескере отырып, жалдауға (жалға алуға/ кейіннен сатып алу құқығымен жалға алуға) беріледі.

22. Активті жалға алу құны, күрделі немесе ағымдағы жөндеу қажет болған жағдайда, басқарушы компания тарапынан түзетіледі.

23. Жалпы пайдаланымдағы үй-жайларды жалдау (жалға алу/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алу) үшін төлемақы құны активтің жалпы ауданынан алынған ауданның үлесіне пропорционалды түрде есептеледі.

24. Қазақстан Республикасының аумағында жер учаскелерін мүліктік жалдаудың (жалға алу/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алу) ең төменгі шекті мәндері "Жер учаскелеріне төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі № 890 қаулысына сәйкес айқындалады.

25. Жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар жалға алушылар болып табылады.

26. Активті жалдауға беру (жалға алуға/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алуға) тізілімнің веб-порталы арқылы тендерлік негізде жүзеге асырылады.

27. Активті жалдауға беру (жалға алуға/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алуға) басқарушы компаниямен мынадай шарттарда тендер өткізілмей жүзеге асырылады:

1) тендер өткізу кезінде әлеуетті қатысушылардан өтінімдердің болмауы;

2) активті сату кезінде сату алдындағы дайындықты жүргізу.

28. Активті мүліктік жалдауға (жалға алуға/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алуға) беру жөніндегі жоспарланған тендер туралы хабарламаны басқарушы компания басқарушы компанияның сайтында және тізілімнің веб-порталында жариялайды.

29. Басқарушы компания тендердің шарттарын, сондай-ақ активтің бастапқы жалдау мөлшерлемесін, кепілдік жарнаны осы Қағидалардың талаптарына сәйкес анықтайды.

Жалға алу мөлшерлемесі активті жалдауға беру (жалға алуға/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алуға) туралы шешім қабылданған күнгі активтің нарықтық құнына сәйкес келеді.

30. Қатысушылар бірыңғай оператордың шотына тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімде және тәртіппен кепілдік жарнаны енгізеді.

31. Тендер өткізу кезінде объект үшін жалдау ақысының ең көп сомасын ұсынған және басқарушы компанияның талаптарына жауап беретін жалғыз қатысушы немесе тендер қатысушысы жеңімпаз болып танылады.

32. Қатысушылар ұсынған жалдау ақысының сомалары сәйкес келген (тең) кезде өтінімді бұрын тіркеген қатысушы жеңімпаз деп танылады.

33. Тендер қорытындысы бойынша тендер нәтижелері туралы хаттама қалыптастырылады, оған басқарушы компанияның уәкілетті адамы және тендер өткізілетін күні жеңімпаз қол қояды.

34. Әлеуетті жалдаушылар/жалға алушылар тарапынан өтінімдерді қабылдау мерзімі ішінде активті жалдауға (жалға алуға/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алуға) беруге өтінімдер болмаған кезде басқарушы компания әлеуетті жалдаушыларды/жалға алушыларды дербес іздестіруді жүзеге асырады.

35. Жалдау (жалға алу/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алу) шарты жеңімпазбен 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалады.

6-тарау. Активтерді сенімгерлік басқаруға беру тәртібі

36. Активті сенімгерлік басқаруға кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен беру, осы Қағидалардың 37-тармағына көрсетілген жағдайды қоспағанда, тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып, тендерлік негізде жүзеге асырылады.

37. Активтерді кейіннен сатып алу құқығынсыз тендерді өткізбей сенімгерлік басқаруға беруді басқарушы компания активті сақтау және оның жоғалуына жол бермеу үшін оны жедел басқаруды қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайларда жүзеге асырады:

38. Жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар сенімгерлік басқарушы болып табылады.

39. Тендерді өткізу туралы хабарландыру басқарушы компанияның сайтында және тізілімнің веб-порталында олар өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн қалғанда жарияланады және оған мыналар кіреді:

1) активтің қысқаша сипаттамасы, орналасқан жері, нысаналы пайдаланылуы және қажет болған жағдайда актив жөнінде басқа да мәліметтер;

2) тендерді өткізу күні мен уақыты;

3) әлеуетті сенімгерлік басқарушылардың өтінімдерін қабылдауының аяқталу мерзімі;

4) тендерге қатысуға кепілдік жарнаның мөлшері;

5) сенімгерлік басқаруға беру мерзімі (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен);

6) сенімгерлік басқаруға беру шарттары (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен).

40. Қатысушылар бірыңғай оператордың шотына тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімде және тәртіппен кепілдік жарнаны енгізеді.

41. Келіп түскен өтінімдер басқарушы компаниямен тендер өткізілетін күні қаралады.

Өтінімдерді ашу тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген тендердің күні мен уақыты келгенде тізілімнің веб-порталы арқылы автоматты түрде жүргізіледі.

Басқарушы компания тізілімнің веб-порталында тендерге жіберілген қатысушыларды айқындау мақсатында өтінімдерді, сондай-ақ оларға қоса берілетін құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін қарайды.

Қатысушы хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген кезде басқарушы компания себебін көрсете отырып, қатысушыны тендерге жібермейді.

42. Активті кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беруді 2 (екі) және одан да көп өтінім берілген жағдайда, ең жақсы баға ұсыныстарын ұсынған тұлғаға артықшылық беріледі. Баға ұсыныстары бірдей 2 (екі) және одан да көп өтінім түскен жағдайда өтінімді бұрын тіркеген қатысушы жеңімпаз болып танылады.

43. Тендер қорытындысы бойынша тендер нәтижелері туралы хаттама тізілім веб-порталында қалыптастырылады, оған басқарушы компанияның уәкілетті тұлғасы және тендер өткізілетін күні жеңімпаз қол қояды.

44. Активті сенімгерлік басқаруға беру шартына тендер өткізілген күннен бастап 10 (он) күнтізелік күн ішінде қол қойылады.

45. Әлеуетті сенімгерлік басқарушылар тарапынан өтінімдерді қабылдау мерзімі ішінде активті сенімгерлік басқаруға беруге (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен) өтінімдер болмаған жағдайда басқарушы компания тарапынан әлеуетті сенімгерлік басқарушыларды дербес іздеу жүргізіледі.

46. Сенімгерлік басқару шарты бойынша (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен) пайда алушы басқарушы компания болып табылады.

47. Сенімгерлік басқарушы актив орналасқан елдің заңнамасында және сенімгерлікпен басқару шартында (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен) белгіленген тәртіппен сенімгерлікпен басқару кезінде өзі жүргізген қажетті шығыстарды өтеуге құқылы.

48. Сенімгерлік басқарушы басқарушы компанияға сенімгерлік басқару шартында (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен) белгіленген мерзімдерде және тәртіппен өз қызметі туралы есеп береді.

49. Сыйақы мөлшері, сенімгерлік басқарудың қолданылу мерзімі (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен), сондай-ақ сенімгерлік басқарудың талаптары сенімгерлік басқару шартында айқындалады.

50. Кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару шарты сенімгерлік басқаруға берілген активті иеліктен шығару туралы талаптарды көздейді.

7-тарау. Активтерді консервациялау тәртібі

51. Активті ұстау мен оған қызмет көрсетудің экономикалық тиімсіздігі, залал алу тәуекелдерінің туындауы кезінде басқарушы компания активті консервациялау туралы шешім қабылдайды.

52. Активті консервациялау басқарушы компанияның ыстық/суық суды, кәрізді, газды, қалааралық және халықаралық телефон байланысын, интернетті, кабельді теледидарды, домофон қызметтерін және қажет болған жағдайда басқа да ықтимал қызметтерді өшіру жөніндегі коммуналдық қызметтерге жүгінуі арқылы жүзеге асырылады.

53. Консервациялауға ұшыраған активке қатысты осы Қағидаларда көзделген активтерді басқару жөніндегі оны іске асыруға бағытталған іс-шаралар орындалады.

8-тарау. Активтерді сату тәртібі

54. Активтерді сату арнаулы мемлекеттік қорды толықтыру мақсатында жүзеге асырылады және басқарушы компанияның оның мүлкінің құрамына келіп түскен, оның ішінде алдын ала жалға берілген, сенімгерлік басқаруға (кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен), сондай-ақ консервацияланған активтерді басқарудың негізгі мақсаты болып табылады.

55. Активті сату активтің орналасқан жері бойынша ел заңнамасының талаптарына сәйкес бағалаушы айқындайтын нарықтық құн бойынша басқарушы компания жүзеге асырады.

56. Активті сатудың негізі оның мазмұнның/күтіп ұстау қызметтерінің экономикалық тиімділігі, активтің ағымдағы жоғары өтімділігі және қолайлы нарықтық жағдай болып табылады.

57. Активтерді сату мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

- 1) аукцион нысанындағы (оның ішінде электрондық) сауда-саттықты өткізу;
 - 2) талап ету құқықтарын беру;
 - 3) қор биржасында активтерді сату (биржа қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады)
- ;
- 4) актив орналасқан елдің заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен.

58. Басқарушы компания заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін сату туралы шешім қабылдаған кезде "Акционерлік қоғамдар туралы", "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы", "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде не заңды тұлға қызметін жүзеге асыратын елдің заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

59. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан активтерді сату актив орналасқан елдің заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады.

60. Активті сатып алу-сату шартында активтің құнын толық төлегенге дейін оның сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде активті сақтандыру жөніндегі талаптар көзделеді.

61. Төлемдерді уақтылы өтеуді қамтамасыз ету басқарушы компанияның сатып алушы сатып алған активке немесе сатып алу-сату шартында көзделген өзге тәсілге кепіл беру құқығы болып табылады.

62. Аукцион нысанындағы электрондық сауда-саттық активтерді өткізудің таңдаулы тәсілі болып табылады және тізілімнің веб-порталында өткізіледі.

63. Басқарушы компания аукционды өткізуге дайындық шеңберінде активті өткізу үшін қажетті материалдарды жинауды жүргізеді, сондай-ақ сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаны жариялауды және әлеуетті қатысушылардың сауда-саттықта өткізілетін активке қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

64. Аукцион сауда-саттықтың 2 (екі) әдісімен өткізіледі:

- 1) бағаны көтеруге;
- 2) бағаны төмендетуге.

65. Активті сатудың бастапқы бағасы, осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, активтің орналасқан жері бойынша ел заңнамасының талаптарына сәйкес бағалаушы айқындайтын алғашқы бағаға тең.

66. Алғашқы сауда-саттыққа актив бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукционға қойылады.

Екінші сауда-саттыққа актив бастапқы бағаның 80 (сексен) пайызы мөлшерінде ең төменгі бағаны белгілей отырып, бағаны төмендету әдісін қолдана отырып, аукционға қойылады.

Үшінші сауда-саттыққа актив бастапқы бағаның 50 (елу) пайызы мөлшерінде ең төменгі бағаны белгілей отырып, бағаны төмендету әдісін қолдана отырып, аукционға қойылады.

Аукцион нысанындағы әрбір кейінгі сауда-саттық алдыңғы аукцион күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей өткізіледі.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып, аукцион өткізу кезінде активті өткізудің бастапқы бағасы алғашқы бағаны 3-ке тең арттырушы коэффициентке көбейту жолымен айқындалады.

Актив сауда-саттықтың жалғыз қатысушысына, егер ол бастапқы бағадан кем емес баға ұсынған жағдайда сатылады.

Үшінші сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда басқарушы компания осы Қағидаларға сәйкес активті өткізу тәсілін өзгерту туралы не активті жалға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім шығарады.

Бағаны өзгерту қадамы келесідей белгіленеді:

1) Активтің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезінде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 10 (он) пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді;

2) активтің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20000 еселенгеннен бастап 50000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезінде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 7 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді;

3) активтің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 50000 еселенгеннен бастап 100000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді;

4) активтің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 100000 еселенгеннен бастап 250000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 2,5 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді;

5) активтің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 250000 еселенгеннен бастап 500 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 1 (бір) пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді;

6) активтің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 500000 еселенген мөлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 0,5 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Бағаны өзгерту қадамын белгілеу аралығы 5 (бес) минутты құрайды.

Сауда-саттықтың басталуына 5 (бес) минут қалғанда өтінімдерді тіркеу тоқтатылады.

67. Әрбір сатылған мүлік объектісі бойынша аукцион нәтижелері аукцион өткізілетін күні басқарушы компанияның уәкілетті адамы және жеңімпаз қол қоятын сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен:

1) егер сауда-саттық тізілімнің веб-порталында өткізілсе, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілетін күні;

2) егер сауда-саттық өзге тәсілмен өткізілсе, күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде ресімделеді.

68. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаздың және басқарушы компанияның сату бағасы бойынша активті сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады. Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

69. Жеңімпаз сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не белгіленген мерзімдерде сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда, басқарушы компания сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды (тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып сауда-саттық жүргізу кезінде акт тізілімнің веб-порталында қалыптастырылады).

9-тарау. Активтерді басқарудан түскен қаражатқа билік ету тәртібі

70. Активті мүліктік жалдауға (жалға алуға/кейіннен сатып алу құқығымен жалға алуға) тапсырудан түскен қаражат басқарушы компания табыстарының құрамына енгізіледі.

71. Активті сатудан түскен қаражат басқарушы компанияның жеке шотында жинақталады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлемі осы Қағидалардың 10-тарауында айқындалған комиссиялық сыйақыны шегере отырып Арнаулы мемлекеттік қорға аударылады.

72. Қаржы жылының қорытындысын бекіту туралы жалғыз қатысушының шешімін қабылдау күнінен 10 (он) күн ішінде басқарушы компания республикалық бюджеттің кірісіне 100 (жүз) пайыз мөлшерінде таза кіріс аударуды қамтамасыз етеді.

10-тарау. Комиссиялық сыйақы төлеу тәртібі

73. Басқарушы компания алдағы жылға арналған республикалық бюджеттен қаржыландыру болмаған жағдайда өз қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы, оның шамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Комиссиялық сыйақылар сомасы тиісті қаржы жылында басқарушы компанияның ағымдағы шығыстарын қаржыландыру үшін қажетті қаражат сомасымен шектеледі.

Комиссиялық сыйақының нақты мөлшері байқау кеңесінің шешіміне сәйкес басқарушы компанияның ағымдағы шығыстары негізге алына отырып айқындалады.

74. Басқарушы компания төлем тапсырмасымен Арнаулы мемлекеттік қордың шотына активтерді сатудан түскен қаражат толық аударылғанға дейін оған тиесілі соманы ұстап қалу жолымен комиссиялық сыйақы сомасын алып қояды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ